

«Балапан» бобекжай –бақшасы МКҚК

Бекітемін:

«Балапан»бобекжай –
бақшасының директоры:

 М.Ж.Биксариева

«Ерте жас» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған
перспективалық жоспар

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 – 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
ерте жас тобы
Қыркүйек айы 2022жыл**

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Үйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бұғу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу Ұйымдастырудың түрлері – жұптасу, шағын топпен.</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру. тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру еңбектеу. Орындықтың, үстелдің, арқанның (биіктігі 50 см), доғаның астынан төрттағандап еңбектеп өту Допты бір қолмен және қос қолмен ұстау; түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинау, оларды өздігінен себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату бір аяқты екінші аяқтың жанына қойып, бөренеден асып өту</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. тамақтану кезінде: үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану, тамақтан соң алғыс айту; жуыну кезінде: қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетінің төменгі жағын алақанымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту; киініп-шешіну кезінде: киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс жинау, киіміне арналған шкафты білу; баланың түбекке сұрана білу дағдыларын қалыптастыру, өзінің түбегінің орнын білу; тек өз түбегіне отыру; өзінің заттарын, сүлгісін сақтайтын орынды білу, үстел басындағы өзінің орнын, киімге арналған шкафты білу. ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, бетінің, қолының, мұрнының ластығын байқауға, оларды жууға, сүртуге, дымқыл киімін шешуге үйрету.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Ауа ванналары күніне бірнеше рет киіну-шешіну кезінде қолданылады, ауа ванналарының ұзақтығы 2-3 минуттан, 6-10 минутқа дейін ұзартылады.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі Қасында бірге ойнап жатқан балаға назар аудару білуді, оның жағдайын түсіну, жылаған балаға жан ашырлық танытуды қалыптастыру. Құрдастарына кедергі жасамауға, ойыншықтарды алып қоймай бірге ойнауға үйрету.</p>

	Сөйлеуді дамыту	<p>Өзінің, жақын туыстарының есімін, киім, жиһаз, ыдыс-аяқтардың, кейбір көлік құралдарының, бірнеше таныс жануарлар мен өсімдіктерді атауды; өзінің (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) және ойыншық-жануарлардың дене мүшелерін ажыратып, атай білуді; құрылымы және мазмұны бойынша қарапайым сөз тіркестерін түсінуді, өтініштерді орындауды, ойыншықтармен күрделі емес шағын қойылымдар көрсетуді, тұрмыстық және қызықты жағдайларды суреттейтін 1-3 әрекетті; қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (алғым, бер, жібер, әрі жылжы) қолдана білуді қалыптастыру.</p> <p>Бала тілдесу барысында сергек, қуанышты көңіл-күйді, ересектермен әңгімелесу ниетін қолдау, олардың нұсқауларын орындау, олардың әрекеттері мен сөздеріне еліктеу үшін тақпақтарды, әзілді тапқыр сөздерді, ертегілердің күлкілі кіріспесі қолдану мен үйрету</p> <p>белсенді сөйлеу қажетті ақпаратты түрлі жолдармен жеткізуі : ыммен, қимылмен, былдыр сөздермен, таңдануды, қуанышты, наразылықты, өкінуді және тағы басқа білдіретін кейбір эмоциялық екпіндерді қайталауын дамыту;</p>
	Көркем әдебиет	<p>шағын қарапайым мазмұнды әңгімелерді, тақпақ, бесік жырларын сурет, ойыншық, түрлі әрекеттер және аудио-бейнематериалдар арқылы тыңдау мәдениетін және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру; мәнерлі сөйлеудегі: көркем шығарманың мазмұнына қатысты айтылатын сұраулы, бұйрықты, лепті интонацияларды түсінуін дамыту. Мәтінді қайталап оқу, көрсету арқылы сөздерді қайталап, айта білуге үйрету; балалардың ойын әрекеттерін дамыта, айтып беру, көрсету барысында мәтінге сәйкес таныс әуендерді орындай білуге, халық шығармаларының, тақпақтар мен әндердің ырғақтығы мен әуезділігін эмоциялы қабылдауға баулу;</p>
	Сенсорика	<p>бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға: жаю және жинастыру, алу және салу, шарлардың түрлі түсті тығындарын қорапқа, шелекке ауыстырып салу, оларды еңгіс жазықпен сырғанатуға; заттарды өлшемі немесе пішіні бойынша сәйкес ұяларға орналастыра отырып, салыстыруға арналған тапсырмаларды орындауға; екі бөліктен тұратын ойыншықтарды, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын қонустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі бірізділікпен жинастыруға үйрету</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға тәрбиелеу. қоршаған ортадағы және суретте берілген заттарды, көлік түрлерін, үй жануарларын танып, олардың дауыстарына еліктеуді; жануарлардың ерекшеліктерін, іс-қимылдарын, белгілерін ажырату және атауды; ерте жастағы балалар үшін олардың жалпы дамуы мен әлеуметтенуі үшін ойындар ұйымдастыру</p>

	Сурет салу	балаларды бояулардың ашық түстерін эмоциялы қабылдауға, қарындаштармен, фломастерлермен сурет салуға, қағаз бетін ашық түсті дақтармен, жақпалармен толтыруға бояу жағылған саусақпен қағазға түрлі таңбалы сурет салуға үйрету.
	Мүсіндеу	Балаларға тұзды қамырды, сазбалшықты алақан арасына ала білуді, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білу мен қолданылған материалдарға ұқыпты қарым-қатынас жасай білуге үйрету.
	Музыка	Балаларды әннің әуені мен сөздерін тыңдауға және оларды тануға, көңілді және қалыпты сипаттағы музыкалық шығармаға эмоционалды үн қатуға, ересектердің орындауындағы әнді тыңдауға, ойын әрекеттерін орындауға, музыка сипатының ауысуына назар аударуға жетелеп үйрету.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

ерте жас тобы Қазан айы 2022жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
а з а н	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен бұру, қолдың саусақтарын бұгу, ашу, жұмып, ашу. Ұйымдастырудың түрлері – жұптасу, шағын топпен.</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру. ересектің көмегімен және көмегінсіз гимнастикалық тақтайбойымен (ені 25-30 см) жүру, еңбектеу 2 м қашықтыққа дейін еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту. түрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинау, оларды өздігінен себетке(жәшікке) салу, шарларды домалату</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. жуынудың қарапайым дағдыларына, киінуге, шешінуге үйрету; тамақтану кезінде: үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану, тамақтан соң алғыс айту; киініп-шешіну кезінде: киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс жинау, киіміне арналған шкафты білу; баланың түбекке сұрана білу дағдыларын қалыптастыру, өзінің түбегінің орнын білу; тек өз түбегіне отыру; өзінің заттарын, сүлгісін сақтайтын орынды білу, үстел басындағы өзінің орнын, киімге арналған шкафты білу. ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, бетінің, қолының, мұрнының ластығын байқауға, оларды жууға, сүртуге, дымқыл киімін шешуге үйрету</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Ауа ванналары ұзақтығы 2-3 минуттан, күніне бірнеше рет киіну- шешіну кезінде қолдану, ауа ванналарын біртіндеп 6-10 минутқа дейін ұзарту.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі Құрдастарына кедергі жасамауға, ойыншықтарды алып қоймай бірге ойнауға үйрету. Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін реттеуге ықпал ететін жағдайлар жасау</p>
	Сөйлеуді дамыту	Өзінің, жақын туыстарының тану, киім, жиһаз, төсек, ыдыс-аяқтардың, кейбір көлік құралдарының, бірнеше таныс жануарлар мен өсімдіктерді атауды;

	<p>өзінің (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ) және ойыншық-жануарлардың дене мүшелерін ажыратып, атай білуді; құрылымы және мазмұны бойынша қарапайым сөз тіркестерін түсінуді, өтініштерді орындауды, ойыншықтармен күрделі емес шағын қойылымдар көрсетуді, тұрмыстық және қызықты жағдайларды суреттейтін 1-3 әрекетті;</p> <p>қоршаған ортамен қарым-қатынасты реттеуге және қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (ал , бер, жібер, әрі жылжы) қолдана білуді қалыптастыру.</p> <p>Ересектердің сөздерін тыңдай білуге, "Бұл не?", "Не істеді?" сұрақтарына жауап беруге, сұрақ қоя білуге, жеңіл тапсырмаларды орындай білуге, "болмайды", "болады" сөздерін түсініп, дұрыс әрекет жасауға үйрету.</p> <p>Айналасындағы адамдардың сөзін мұқият тыңдау, олардың ауызша талаптарын орындау қабілеттерін дамыту.</p>
Көркем әдебиет	<p>Шағын қарапайым мазмұнды әңгімелерді, тақпақ, бесік жырларын сурет, ойыншық, түрлі әрекеттер және аудио-бейнематериалдар арқылы тыңдау мәдениетін және оларды түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Мәнерлі сөйлеудегі: балаларға ойын әрекеттерін, оқу, айтып беру, көрсету барысында мәтінге сәйкес таныс әуендерді орындай білуге, халық шығармаларының, тақпақтар мен әндердің ырғақтығы мен әуезділігін эмоциялы қабылдауға баулу. Мейірімділік көрсету қабілетін-адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу</p>
Сенсорика	<p>Бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға: жаю және жинастыру, алу және салу, шарлардың түрлі түсті тығындарын қорапқа, шелекке ауыстырып салу, оларды еңгіс жазықпен сырғанатуға үйрету;</p> <p>Естуді дамыту үшін түрлі дыбыс шығаратын заттармен (қоңыраулар, аспалы металл таяқшалар, шикылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) таныстыру;</p> <p>Логиканы дамыту үшін пішіні, түсі, көлемі бойынша бір-біріне ұқсас заттарды сәйкестендіру мен топтастыруды қалыптастыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Заттарды, олардың белгілерін, қарапайым әрекеттерді тани білуге, табиғат бұрышындағы аквариумдағы балықтарды, жемсауытқа ұшып келетін құстарды, үй құстары мен жануарларды (ит, мысық, қоян, тотықұс) бақылауға, шөпті, гүлдерді, ағаштарды (бұталарды) тамашалауға үйрету;</p> <p>Кейбір көкөністер мен жемістерді суреттерде және шынайы тани білуге үйрету.</p> <p>Мктепке дейінгі ұйымға табысты бейімделуі үшін жағдай жасау;</p>
Мүсіндеу	<p>Тұзды камырды, сазбалшықты алақан арасына ала білуді, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білу мен қолданылған материалдарға ұқыпты қарым-қатынас жасай білуге үйрету.</p>

	Музыка	Өннің әуені мен сөздерін тыңдауға және оларды тануға, көңілді және қалыпты сипаттағы музыкалық шығармаға эмоционалды үн қатуға, ересектердің орындауындағы әнді тыңдауға, ойын әрекеттерін орындауға, музыка сипатының ауысуына назар аударуға жетелеп үйрету.
--	---------------	--

Қараша айы 2022жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бүгу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, саусақтарды жұмып, ашу.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. доғаның, орындықтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту, Домалату, лақтыру. допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату (отырып, тұрып).</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға, 1 жас 1ай - 1 жас 3 айда қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге, ал 1 жас 6 айда – сорпа тамақты ішуге үйрету (нанды сорпамен бірге ішу, тек өз тәрелкесіндегі тамақты ішу), ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіруді жетілдіру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°C) сақтау, балаларға жеңіл киімдер кигізу. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру. Күннің жылы кезінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Өз дене мүшелерін және ойыншық жануарлардың дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, ауыз, көз, құлақ), тұрмыстық және ойын әрекеттерін (жуыну, қыдыру); заттардың түстерін (қызыл, көк), қарама-қарсы өлшемдерді (үлкен, кіші), фигураларды (текше, кірпіш) білдіретін сөздерді түсіну.</p>

	<p>Белсенді сөйлеуді дамыту Белсенді сөздікті жақын адамдардың атауларымен (ана, әке, ата, әже), күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың, тағам атауларымен (ботқа, су, сүт), белгілі қимылдарды (ал, бер, аш, тұр, жібер, ұйықта, бар) білдіретін сөздермен толықтыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. Жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту.</p>
Сенсорика	<p>Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау, түрлі өлшемдегі 2–3 сақинадан тұратын конустық негіздегі (өзекшесі) пирамидаға, кейіннен тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді бірнеше сақинаны, содан кейін түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Баланың өзіне деген қызығушылығын қалыптастыру. Фотосуреттерден өзін, құрдастарын тану. Өзіне жақын ересектер мен құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, басын изеу, қолын бұлғау). Қоршаған ортадағы жануарларды көрсету, олардың дауыстарын (қозы - мэээ, бұзау - мөөө, мысық - мияу, ит – аб-аб) келтіру.</p>
Мүсіндеу	<p>Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын ояту. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.</p>
Музыка	<p>Көңілді және баяу музыкамен таныстыру. Әндерді мазмұны бойынша түсініп тыңдауды, олардың көңіл- күйін эмоционалды қабылдауды, ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай).</p>

Желтоқсан айы 2022жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бұғу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу</p> <p>Негізгі қимылдар: ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 сантиметр) шығу және одан түсу, еденде жатқан лентадан (арқаннан) аттап өту. допты (диаметрі 6–8 сантиметр) төменге, қашықтыққа лақтыру. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу (биіктігі 1 метр).</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақтану алдында және лас болған кезде қолын жууға, 1 жас 1ай - 1 жас 3 айда қою тамақты қасықпен өз бетінше жеуге, ал 1 жас 6 айда – сорпа тамақты ішуге үйрету (нанды сорпамен бірге ішу, тек өз тәрелкесіндегі тамақты ішу), ересектің көмегімен майлықты қолдану, тамақтан соң ересектерге ілтипат білдіру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°C) сақтау, балаларға жеңіл киімдер кигізу. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру. Күннің жылы кезінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету</p>

Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну, өтініштерді орындау, ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындар ойнау, тұрмыстық жағдаяттарды суреттейтін 1-3 әрекетті көрсету.</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту Ересектердің сөздерін тыңдауға, «Бұл кім?», «Бұл не?», «Не істеді?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ыммен, қимылдар арқылы көрсетуден біртіндеп сөзбен айтуға көшуге, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға баулу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықты ояту. Шағын, мазмұны түсінікті өлеңдерді, әңгімелерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату, шығарманы оқып беруді суреттер, ойыншықтар, әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Оқылатын шығарма мазмұнының баланың жасына сәйкестігіне және мәнерлеп оқылуына мән беру. Көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту.</p>
Сенсорика	<p>Заттардың көлеміне (үлкен, кіші), түсіне (қызыл, көк) бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер (ашу - жабу, өткізу - шығару, домалату, қадау, сабақтау, қою, байлау, төсеу) жасауын ұйымдастыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Өлі табиғат заттарымен (су, құм, тас) таныстыру, олармен әрекет етуді көрсету (сүмен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау). Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Балалардың мүсіндеуге қызығушылығын жетілдіру. Сазбалшықпен таныстыру. Ермексаздың, сазбалшықтың кесектерін алақан арасында домалатып, «шарлар» жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.</p>
Музыка	<p>Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату) үйрету. Ойындарда кейіпкерлердің қимылдарын (құс, аю, қоян) көрсетуге ынталандыру.</p>

Қаңтар айы 2023 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу, қолды арқаға қою, бұғу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, солға бұрылу</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15–20 сантиметр жоғары қойылған тақтайдың үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5–2 метр), текшелердің арасымен топпен жүру; құрсаудан құрсауға өтуге үйрету; Еңбектеу, өрмелеу. Бөренеден (диаметрі 15-20 сантиметр) аттап өту, Домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату;</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру, тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, тамақтанып болғаннан кейін майлықты қолдану, орындықты жылжыту, алғыс айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру. Ескерткен кезде қол орамалды қалтасынан өзі алып, мұрнын сүрту және қайта салу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°C) сақтау, балаларға жеңіл киімдер кигізу. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру. Күннің жылы кезінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету</p>

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөзді түсіну. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші), заттардың күйін (таза, кір), білдіретін сөздерді түсінуін дамыту.</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту Сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін затесімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу)әрекеттерін білдіретін, қарама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу) етістіктермен, заттардың түсін, пішінін, білдіретін сын есімдермен толықтыру.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Көрнекіліксіз таныс мазмұны қарапайым шығармаларды тындау, олардыңмазмұнына эмоциямен жауап беру, шығарма мәтінінің кейбір сөздерін қайталаужәне мазмұнында айтылатын қарапайым әрекеттерді, дыбысқа еліктеу мен ойынәрекеттерін орындау.</p>
<p>Сенсорика</p>	<p>Балалардың сенсорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру. Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу, ересектің көмегімен 4-5сақинадан (үлкенінен кішіге қарай) тұратын пирамиданы жинау.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Ата-анасы мен өзіне жақын отбасы мүшелерін (анасы, әкесі, ағасы, апасы,әжесі, атасы) тану, қоршаған кеңістікті (бөлме – пәтер, үй – кіреберіс, аула- балалар алаңы) бағдарлау, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттардытану. Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу,алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу. Айналасындағы заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерімен таныстыру «болады – болмайды», «қауіпті» сөздерінің мағынасын түсіндіру.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолданабілуге үйрету.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тындауға үйрету. Музыкалық ырғақты-қимылдар. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау.</p>

Ақпан айы 2023 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, солға бұрылу, доптарды бір-біріне беру</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15–20 сантиметр жоғары қойылған тақтайдың үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5–2 метр), кегльдердің арасымен топпен жүру; жұмсақ модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтерілуге және одан түсуге үйрету. Еңбектеу, өрмелеу: 35-40сантиметр жоғары қойылған арқанның астынан еңбектеу, Домалату, лақтыру: допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру;</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру, тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, тамақтанып болғаннан кейін майлықты қолдану, орындықты жылжыту, алғыс айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру. Ескерткен кезде қол орамалды қалтасынан өзі алып, мұрнын сүрту және қайта салу дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°С) сақтау, балаларға жеңіл киімдер кигізу. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру. Күннің жылы кезінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөзді түсіну.</p>

	<p>Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Мерзімдік (қазір), сандық (біреу, көп) қатынастырады, қалауларын білдіруге қажетті сөздерді (тамақ ішу, ұйықтау, су ішу), дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсінуін дамыту.</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту).</p>
Көркем әдебиет	Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу белсенділігін дамыту.
Сенсорика	<p>Тиісті пішіндегі (дөңгелек, шаршы) қораптар мен қобдишаларға қақпақтарды таңдау, екі бөліктен тұратын қиылған суреттерді жинау.</p> <p>Күрделі заттармен әрекеттерді орындау – сақиналары бар таяқшамен, торлы дорбамен, күрекшемен сәйкес келетін ойыншықтар мен шарларды жылжыту, алу және орындарын ауыстыра білу, қазықшаларды ылғал құмға балғамен қағып, кіргізе білуін жетілдіру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Ересектермен (дауысын тыңдау, қимылына еліктеу, одан көмек сұрау) және құрдастарымен (әрекетін бақылау, ойнап отырған құрдасының жанына бару, ойыншықтарын алмастыру, өзара келісім бойынша оларды тартып алмай, сұрап алу) өзара әрекет етуге баулу, балалар мен ересектердің бірлескен ойындарына жағдай жасау (доппен, құммен, сумен ойнау).</p> <p>Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылауды пысықтау (жаңбыр, жел, күннің жарқырауы, қар).</p>
Мүсіндеу	Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).</p>

Наурыз айы 2023жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, саусақтарды жұмып, ашу, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, солға бұрылу, заттарды бір-біріне беру, алға еңкею және түзу тұру</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15–20 сантиметр жоғары қойылған тақтайдың үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5–2 метр) құрсаулардың арасымен топпен жүру; Еденнен 12–18 сантиметр жоғары көтерілген арқаннан немесе таяқтан аттап жүру. Еңбектеу, өрмелеу: құрсаудан еңбектеп өту(диаметрі 45 сантиметр). Домалату, лақтыру: допты алға, жоғары лақтыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру, тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, тамақтанып болғаннан кейін майлықты қолдану, орындықты жылжыту, алғыс айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру. Ескерткен кезде қол орамалды қалтасынан өзі алып, мұрнын сүрту және қайта салуын қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°С) сақтау, балаларға жеңіл киімдер кигізу. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру. Күннің жылы кезінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөзді түсіну. Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау. Белсенді сөйлеуді дамыту</p>

	<p>Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Таныс шығармалар мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, драмалық ойындарға, қойылымдарға қатысуға баулу, ондағы игерген тәжірибелерін еркін ойындарда қолдануға мүмкіндік беру.</p>
<p>Сенсорика</p>	<p>Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіру дағдысын пысықтау</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Құрдастары мен айналасындағы ересектердің көңіл-күйіне сәйкес жауап беру (күлімсіреу – қуаныш, жылау – реніш). Қоршаған ортадағы жануарларға (лақ, бота, құлын), құстарға (тауық, үйрек, қаз) қызығушылықты ояту, олардың дене бөліктерін (басы, көздері, құлақтары, құйрығы, аяқтары, қанаттары) табу, дауыстарын салу, қимылдарын бақылау, қимылдарды ойындарда қайталауын ұйымдастыру.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тыңдауға үйрету. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен жәнәсөздермен сүйемелдеу</p>

Сәуір айы 2023 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды алға созу, қолды арқаға қою, бұғу және қайта жазу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, солға бұрылу, заттарды бір-біріне беру, алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15–20 сантиметр жоғары қойылған тақтайдың үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5–2 метр) таяқтардың арасымен топпен жүру; Еденнен 12–18 сантиметр жоғары көтерілген арқаннан немесе таяқтан аттап жүру. Еңбектеу, өрмелеу: құрсаудан еңбектеп өту(диаметрі 45 сантиметр). Домалату, лақтыру: бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру, тамақты төгіп-шашпай ұқышты ішу, тамақтанып болғаннан кейін майлықты қолдану, орындықты жылжыту, алғыс айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру. Ескерткен кезде қол орамалды қалтасынан өзі алып, мұрнын сүрту және қайта салу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°C)сақтаумен балаларға жеңіл киімдер кигізу. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру. Күннің жылы кезінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету</p>

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөзді түсіну. Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы маңырайды: мэээ, бұзау мөңірейді: мөөө, мысық мияулайды) дыбыстық тіркестерді атауын жетілдіру.</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарды орындау. Ересектердің сөзін қайталау арқылы дұрыс сөйлеу дағдыларын, ана тілінің грамматикалық нормаларын ескеріп, сөйлемдерді құруды қалыптастыру.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Үстел үсті, саусақ театрларын өз бетінше ойнау. Кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарауға, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру.</p>
<p>Сенсорика</p>	<p>Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (қоңыраулар, аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) дыбысын тыңдауын ұйымдастыру. Қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажыратуды үйрету.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (су, құм, тас) ойын арқылы түсінуін ұйымдастыру(суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау).</p> <p>Серуенде қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (өсімдіктерді, бөгде және лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, сондай-ақ құммен және сумен ойындарда лас суды ішпеу және төкпеу, құмды, топырақты шашпау).</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Әннің әуені мен сөздерін тыңдау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдауын дамыту.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты- ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнату.</p>

Мамыр айы 2023 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: қолды алға созу, қолдың білектерін сермеу, айналдыру, ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, отырып және тұрып оңға, солға бұрылу, заттарды бір-біріне беру, алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру, секіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденнен бір шеті 15–20 сантиметр жоғары қойылған тақтайдың үстімен (ені 20 сантиметр, ұзындығы 1,5–2 метр), текшелердің, кегльдердің, арасымен топпен жүру; Еденнен 12–18 сантиметр жоғары көтерілген арқаннан немесе таяқтан аттап жүру. Еңбектеу, өрмелеу. Бөренеден (диаметрі 15-20 сантиметр) аттап өту, 35-40сантиметр жоғары қойылған арқанның астынан еңбектеу, құрсаудан еңбектеп өту(диаметрі 45 сантиметр). Домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату; допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдылар. Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру, тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, тамақтанып болғаннан кейін майлықты қолдану, орындықты жылжыту, алғыс айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру. Ескерткен кезде қол орамалды қалтасынан өзі алып, мұрнын сүрту және қайта салуын жетілдіру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Топ бөлмелерінде тұрақты ауа температурасын (+21-22°С) сақтау, балаларға жеңіл киімдер кигізу. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру. Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру. Күннің жылы кезінде серуенде</p>

	балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Адамның қимылын(жүреді, жүгіреді, билейді) білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атауды пысықтау.</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (бээә -бота, мээә - қозы, мөөө - бұзау, мээә - лақ, мияу - мысық, аб-аб - ит), туыстық атауларды (аға, апа, тәте, көке), төрт түліктің (ат, тай, бота), жиі қолданылатын азық-түлікті (нан, шәй, май, сүт, көже) білдіретін жеңіл сөздерді айтуға баулу.</p>
Көркем әдебиет	Кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарауға, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру. Көркем сөзге, мәнерлеп сөйлеуге қызығушылықты ояту.
Сенсорика	Дидактикалық ойыншықтармен, шағын және ірі құрылыс материалдарымен өз бетінше ойнауға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға баулу. Көгөністер (қызанақ, қияр, сәбіз) мен жемістердің (алма, алмұрт, шие, өрік)сыртқы түрін тану және атауларын білу. Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзіннемесе оларды суретінен тану және атауды үйрету.
Мүсіндеу	Жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолданабілуге үйрету.
Музыка	<p>Ән айту. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау). Музыкалық ырғақты-қимылдар. Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау. Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен жәнесөздермен сүйемелдеу.</p>